

## Қазақстан Республикасы экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігін беру қағидаларын және оны беру нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 24 маусымдағы № 317 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 26 маусымда № 36317 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 143-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

### 1. Мыналар:

1) Осы бұйрыққа 1-қосымшага сәйкес Қазақстан Республикасының экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігін беру қағидалары;

2) Осы бұйрыққа 2-қосымшага сәйкес Қазақстан Республикасының экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігін беру нысаны бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 3-қосымшага сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қарыз алу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

M. Такиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
2025 жылғы 24 маусымдағы  
№ 317 Бұйрығына  
1-қосымша

## Қазақстан Республикасының экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігін беру қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігін беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 143-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігін беру тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігі Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігіне (бұдан әрі – Агенттік) Агенттік сақтандыруши ретінде әрекет ететін сақтандыру және кепілдік шарттар бойынша сақтандыру және кепілдік жағдайлар туындаған кезде сақтандыру және кепілдік төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қазақстандық және шетелдік сақтанушылар мен пайда иеленушілер алдындағы берешегінің өтелуін қамтамасыз ету үшін беріледі.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Агенттік – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалатын, шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық даму институтының мәртебесіне ие және "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңы мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) арнайы несиелік шот – Агенттік екінші деңгейдегі банктегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, экспортты қолдау бойынша мемлекет кепілдік берген міндеттемелерге қызмет көрсетуге уәкілдегі ұйымда ашқан және экспортты қолдау бойынша мемлекет кепілдік берген міндеттемелерді орындау мақсатында республикалық бюджеттің қаражатын аударуға, сондай-ақ экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген қаражатты республикалық бюджетке қайтаруға арналған шот;

3) банк – "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға;

4) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілдегі орган (бұдан әрі – бюджетті атқару жөніндегі уәкілдегі орган) – бюджетті атқару, республикалық бюджеттің және өз құзыреті шегінде жергілікті бюджеттердің, бюджеттен тыс қорлардың атқарылуы

бойынша бухгалтерлік есепке алууды, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган (бұдан әрі – бюджетті жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган) – бюджеттік жоспарлау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді, өз құзыреті шегінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі әдіснамалық басшылықты, сондай-ақ бюджеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган (бұдан әрі – бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті орган) – бюджет саясаты, оның ішінде бюджет жүйесін дамыту саласында, мемлекеттік қаржыны басқару және кірістерді болжау, экономикалық саясат, инвестицияларды тарту саясаты, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, мемлекеттік инвестициялық жобалар, бюджетаралық қатынастар, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш, мемлекеттік активтерді басқару, осы Кодексте белгіленген құзыреттер шегінде гранттар тарту және пайдалану саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) Қазақстан Республикасының экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігі (бұдан әрі – Мемлекеттік кепілдік) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің экспортты қолдау бойынша кепілдік шартының талаптарына сәйкес Агенттік алдындағы оның сақтандыру және кепілдік төлемдері бойынша берешегін толық немесе ішінара өтеу міндеттемесі;

8) қорытындыны түзету – қорытындының Мемлекеттік кепілдік беру үшін көзделген мазмұнын, тұжырымдарын толықтыруға және (немесе) өзгертуге әкеп соқтыратын оның белгіленген параметрлерін өзгерту;

9) Мемлекеттік кепілдік беру үшін бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті органның қорытындысы (бұдан әрі – Қорытынды) – бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті органның Агенттікке Мемлекеттік кепілдік берудің орындылығы (сыртқы сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның оң салалық қорытындысы негізінде дайындалған, оның елдің экономикасына әсері мен стратегиялық және (немесе) бағдарламалық құжаттарға сәйкестігі) тұрғысынан қорытындысы;

10) өтінім – Агенттіктің сыртқы сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) атына Мемлекеттік кепілдік беру туралы өтініші ;

11) уәкілетті орган – шикізаттан басқа тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын дамыту және ілгерілету саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде сыртқы сауда қызметін реттеу саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

12) уәкілдік органның салалық қорытындысы (бұдан әрі – салалық қорытынды) – Мемлекеттік кепілдік беру арқылы саланы дамыту басымдықтарына сәйкестігі тұрғысынан тиісті Агенттікке уәкілдік органның қорытындысы;

13) Экспортты қолдау бойынша кепілдік шартты (бұдан әрі – Кепілдік шартты) – бюджетті атқару жөніндегі уәкілдік орган мен Агенттік арасындағы Мемлекеттік кепілдік беру кезіндегі тараптардың құқықтық қатынастарын, міндеттемелері мен жауапкершілігін белгілейтін жазбаша келісім;

14) экспортты қолдау бойынша мемлекет кепілдік берген міндеттеме – Агенттік сақтандыру және кепілдік төлемдерін жүзеге асырмаған, Мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген сақтандыру шарттары және кепілдіктер бойынша өтелмеген міндеттемелердің белгілі бір құнгі сомасы;

15) Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) – бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілдік орган, сенім білдірілген өкіл (агент) және Агенттік арасындағы тараптардың мемлекеттік кепілдік беру, мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелер орындалған жағдайда оқшауландырылған республикалық бюджет қаражатын қайтару жөніндегі құқықтық қатынастарын белгілейтін келісім.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын басқа ұғымдар, егер Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында және осы Қағидаларда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті салаларында пайдаланылатын мағынада қолданылады.

## **2-тaraу. Қазақстан Республикасының экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігін беру тәртібі**

4. Мемлекеттік кепілдік беру Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының негізінде және Бюджет кодексінің 143-бабында және осы Қағидалардың 5, 7 және 9-тармақтарында көзделген талаптар мен шарттарды Агенттік сақтауы шартымен жүзеге асырылады.

5. Салалық қорытындыны алу үшін Агенттік уәкілдік органға мыналарды:

Мемлекеттік кепілдік сомасын, оның қолданылу мерзімін, Мемлекеттік кепілдікті пайдаланудың институционалдық схемасын (процестің барлық қатысуышылары, олардың өзара іс-қимылды туралы ақпарат) қамтитын Мемлекеттік кепілдік жөніндегі ақпаратты;

құрылтай құжаттарының, сондай-ақ Агенттіктің мәртебесін растайтын құжаттардың көшірмелерін, Агенттіктің даму жоспарын, рейтингтік есепті қамтитын Агенттік туралы ақпаратты қоса бере отырып, өтінім жібереді.

Агенттік көрсетілген құжаттарды бермеген кезде уәкілдік орган Агенттіктің өтінімін 5 (бес) жұмыс күні ішінде қараусыз кері қайтарады.

6. Уәкілетті орган салалық қорытындыны Агенттік етінімді ұсынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде береді.

Уәкілетті орган теріс салалық қорытынды берген жағдайда, қайтару себептері көрсетіле отырып, Агенттіктің өтінімі, оны одан әрі пысықтау үшін кері қайтарылады.

Қайтару себептері жойылғаннан кейін Агенттік құжаттарды уәкілетті органға қайта ұсынады.

7. Қорытынды алу үшін Агенттік құжаттарды бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті орган бекітілетін Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру үшін бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті органның қорытындысын әзірлеуге немесе түзетуге қойылатын талаптарға сәйкес ұсынады (бұдан әрі – Талаптар).

8. Бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті орган Қорытындыны Талаптарға сәйкес белгіленген мерзімде ұсынады.

9. Агенттік Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігін алу үшін Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі ұсынатын құжаттар тізбесіне сәйкес құжаттарды осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес ұсынады.

Агенттік құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайтару себептерін көрсете отырып, Агенттікке жазбаша хабарлама жібере отырып, құжаттарды қараусыз қайтарады.

Қайтару себептері жойылғаннан кейін Агенттік құжаттарды бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға қайта ұсынады.

Құжаттардың толық топтамасын алған кезде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган Агенттікпен және сенім білдірілген өкілмен (агентпен) Келісім 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жасасады.

10. Мемлекеттік кепілдікті орындауға республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару шарттары, мерзімдері, сыйақы мөлшерлемелері мен тәртібі Бюджет кодексінің 144-бабының 5-тармағына сәйкес Келісімде айқындалады.

11. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган Келісімге қол қойылғаннан кейін Бюджет кодексінің 143-бабының 2-тармағына сәйкес 10 (он) жұмыс күні ішінде Мемлекеттік кепілдік беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылдануын қамтамасыз етеді.

12. Мемлекеттік кепілдік бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган мен Агенттік арасында осы бүйрыққа 2-қосымшаға сәйкес экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік беру нысаны бойынша Кепілдік шартын жасасу арқылы беріледі.

Мемлекеттік кепілдік беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылданған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган Агенттікпен Кепілдік шартын жазбаша нысанда 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жасасады.

Кепілдік шартына бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның және Агенттіктің бірінші басшысы қол қояды.

13. Кепілдік шарты бірдей заң күшіне ие қазақ және орыс тілдерінде тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан 2 (екі) данада жасалады.

14. Осы Қағидалардың 12 және 13-тармақтарының талаптарына сай келетін құжат Мемлекеттік кепілдік деп танылады. Мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды адамдарының өзге де актілері мен құжаттарының Мемлекеттік кепілдік беру жөніндегі заңды күші болмайды.

15. Агенттіктің меншікті капиталынан асып түсетін сақтандыру және кепілдік жағдайлары бір жолғы іске асырудан асып кеткен жағдайда бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, сенім білдірілген өкілдің (агенттің), Агенттіктің қорытындылары, оның шоттарынан екінші деңгейдегі банктер берген үзінді-көшірмелер, сондай-ақ Мемлекеттік кепілдікті орындауға жүгінердің алдындағы қаржы жылындағы аудиттеген қаржылық есептілік және Мемлекеттік кепілдікті орындауға жүгінген кездегі қаржылық есептілік болған кезде Мемлекеттік кепілдікті орындауды жүзеге асырады.

16. Мемлекет кепілдік берген міндеттемелерді алдағы өтеу көлемін жоспарлауды бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жыл сайын кезекті қаржы жылына арналған респубикалық бюджеттің жобасын әзірлеу шеңберінде жүргізеді.

Респубикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру кезеңінде жоспарлау болмаған кезде тиісті есептеулер кепілдік берген міндеттемелерді алдағы өтеу көлемінің болжамды есептеулері негізінде респубикалық бюджетті нақтылау кезінде орындалады.

17. Жоспарланған жылы мемлекет кепілдік берген міндеттемелерді өтеу көлемі сенім білдірілген өкілдің (агенттің), Агенттіктің қорытындылары негізінде айқындалады және кезекті қаржы жылына арналған респубикалық бюджетте ұлттық валютада және жеке бюджеттік бағдарлама бойынша көрсетіледі.

18. Респубикалық бюджеттің шығыстарын жоспарлау үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 22 сәуірдегі № 185 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік сұранымды жасау, ұсыну, қарау қағидаларына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға бюджеттік сұраным ұсынады.

19. Агенттік қолданыстағы Мемлекеттік кепілдік шеңберінде респубикалық бюджеттен бұрын оқшауландырылған қаражат бойынша берешекті өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындаған жағдайда, ол бойынша респубикалық бюджеттен кейінгі сомаларды беруге жол берілмейді.

20. Мемлекеттік кепілдікті орындау Агенттіктің меншікті капиталын шегергендеңігі сақтандыру және кепілдік төлемдерінің өтелмеген сомасының бір бөлігіне ғана және Агенттік заңды күшіне енгені туралы белгісі бар сот актілерімен расталған шығындар

үшін жауапты тұлғаларға сақтандыру және кепілдік төлемін өтеу және (немесе) мұндай тұлғалар банкрот деп тану не оларды тарату талабын сот арқылы өндіріп алу шараларды қабылдағаннан кейін жүзеге асырылады.

21. Мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген қаражатты Агенттік сақтандыру және кепілдік төлемдерін өтеу қаражатының есебінен республикалық бюджетке қайтаруы тиіс.

Қазақстан Республикасының  
экспортты қолдау бойынша  
мемлекеттік кепілдігін беру  
қағидаларына қосымша

### **Қазақстан Республикасының экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігін алу үшін Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі ұсынатын құжаттардың тізбесі**

1. Сыртқы сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның оң салалық қорытындысы.

2. бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның оң қорытындысы.

3. Республикалық бюджет комиссиясының хаттамалары (ол бар болса).

4. Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік сомасының 0,2 пайыз мөлшерінде біржолғы төлемді (алымды) төлеу туралы үзінді-көшірме.

5. Құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері.

6. "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюrolар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілетін кредиттік есепке сәйкес салық берешегінің және мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы анықтама.

7. Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) акционерлерінің тізілімінен үзінді-көшірме.

8. Агенттік мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесі.

9. Қабылданған сақтандыру және кепілдік міндеттемелері шеңберінде сақтандыру және кепілдік төлемдері бойынша ақпарат.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
2025 жылғы 24 маусымдағы  
№ 317 Бұйрығына  
2-қосымша  
Экспортты қолдау бойынша  
мемлекеттік кепілдік беру  
нысаны

### **Экспортты қолдау бойынша кепілдік шарты № \_\_\_\_\_**

\_\_\_\_\_ қаласы "\_\_\_" \_\_\_\_ 20\_\_\_\_ жыл

Будан әрі "Кепілгер" деп аталатын "Қазақстан Республикасының Каржы министрлігі" мемлекеттік мекемесі атынан

(мемлекеттік кепілдік беретін тұлғаның толық атауы),  
негізінде әрекет етуші ( негізінде әрекет етуші ( күжаттың атауы ( № , күні)

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), лауазымы)  
бұдан әрі "Агенттік" деп аталатын "Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі"  
атынан

(мемлекеттік кепілдік алатын тұлғаның толық атауы),  
негізінде әрекет ( негізінде әрекет ( күжаттың атауы (№, күні) етуші

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), лауазымы)  
бұдан әрі бірлесіп – "Тараптар", әрқайсысы жеке-жеке "Тарап" немесе жоғарыда  
көрсетілгендей:

сәйкес, (күжаттың атауы, № және күні)  
төмендегі шарттармен осы экспортты қолдау бойынша кепілдік шартын (бұдан әрі -  
Шарт) жасасты:

## 1 Тарау. Шарттың мәні

1.1. Осы Шарттың талаптарымен Кепілгер Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
атынан Агенттік алдында Агенттіктің меншікті капиталының сомасы жаппаған  
сақтандыру және кепілдік төлемдері бойынша берешегін өтеуге міндettенеді.

1.2. Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік (бұдан әрі – Мемлекеттік  
кепілдік) Агенттік сақтандырушы ретінде әрекет ететін сақтандыру және кепілдік  
шарттары бойынша сақтандыру және кепілдік жағдайлары туындаған жағдайда,  
Агенттіктің қазақстанның және шетелдік сақтандырушылар мен пайда алушылар  
алдындағы сақтандыру жіне кепілдік төлемдерін жүзеге асыру бойынша берешегін  
өтеуді қамтамассыз ету үшін беріледі.

1.3. Мемлекеттік кепілдік \_\_\_\_\_ (жазбаша сомасы) теңге сомасына 10  
жыл мерзімге беріледі.

1.4. Мемлекеттік кепілдік келесі жағдайларда өзінің қолданысын тоқтатады:  
1) осы Шартта сөз болған міндettемелер толық орындалғаннан кейін;  
2) оның қолданылу мерзімі өткенен кейін.

1.5. Мемлекеттік кепілдік Агенттіктің Мемлекеттік кепілдікті орындауы үшін  
Қазақстан Республикасының Үкіметі жұмсайтын бюджет қаражатын қайтаруы  
шартымен беріледі.

1.6. Кепілгер Мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерін Агенттік Мемлекеттік кепілдіктің қолданысын тоқтатылғанға дейін тиісті талапты қойған жағдайда, орындайды.

## 2 Тарапу. Корытынды ережелер

2.1. Шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда ресімделеді, Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолы қойылады және Тараптардың мөрлерінің баспа-таңбасымен бекітіледі.

2.2. Осы Шарт бірдей заң күшіне ие қазақ және орыс тілдерінде тараптардың әркайсысы үшін бір-бір данадан 2 (екі) данадан жасалды.

2.3. Осы Шартта көзделмеген барлық өзге жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының азаматтық және бюджеттік заңнамысын басшылыққа алады.

2.4. Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінде тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

3 Тараптардың орналасқан жері (попшталық мекенжайы) және қолдары

<p><b>Кепілгер:</b></p> <hr/> <p>Қазақстан Республикасы</p> <hr/> <p>_____ қаласы</p> <hr/> <p>_____ көшесі</p> <p>бизнес-сәйкестендіру номірі</p> <hr/> <p>жеке сәйкестендіру коды</p> <hr/> <p>банктік сәйкестендіру коды</p> <hr/> <p>_____ (Тері, Аты, Әкесінің аты (бар болса), лауазымы)</p>	<p><b>Агенттік:</b></p> <hr/> <p>Қазақстан Республикасы</p> <hr/> <p>_____ қаласы</p> <hr/> <p>_____ көшесі</p> <p>бизнес-сәйкестендіру номірі</p> <hr/> <p>жеке сәйкестендіру коды</p> <hr/> <p>банктік сәйкестендіру коды</p> <hr/> <p>_____ (Тері, Аты, Әкесінің аты (бар болса), лауазымы)</p>
--	--

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
2025 жылғы 24 маусымдағы  
№ 317 Бұйрықта  
З-көсімші

## **Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 2 шілдедегі № 674 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19026 болып тіркелген);

2. "Қазақстан Республикасының экспортты қолдау жөніндегі мемлекеттік кепілдігін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 2 шілдедегі № 674 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2022 жылғы 8 тамыздағы № 799 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29057 болып тіркелген);

3. "Қазақстан Республикасы экспортты қолдау жөніндегі мемлекеттік кепілдігін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 2 шілдедегі № 674 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 2 мамырдағы № 254 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34329 болып тіркелген).